

#ЖаңаҚазақстан

Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кеңенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламентті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЖАҢА БЕЛЕС

4-5

РУХАНИЯТ



«МУЗЕЙ ТҮНІ»

6-7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 20 мамырдағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 101 274

II компонентпен

1 083 491

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 20 мамырдағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 496 050** адам,
II компонентпен **9 267 945** адам

вакцина салдырды.
Ревакциналанғандар саны –

4 251 535

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

21.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
көй уақытта қатты.
Найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
көй уақытта қатты.
Найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

7-12, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с

22.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлт шығады, кейде
жаңбыр жауады, найзағай
ойнайды, бұршақ жауады.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлт шығады, кейде
жаңбыр жауады, найзағай
ойнайды, бұршақ жауады.



Желдің жылдамдығы:

5-10, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №55 (6190) 21 мамыр, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БИЗНЕС ПЕН МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ

арасындағы теңгерімді қатаң сақтауға тиіспіз



Ақордада Мемлекет басшысының отандық бизнес өкілдерімен кезекті кездесуі өтті

● ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН:

«Елімізде ешқандай да қолдаушы тірек пен рейдерлік болмауы керек. Егер бизнес адал жұмыс істеуге дайын әрі креативті, заманға сай сұранысқа ие болса, оны қолдау қажет. Ұлттық экономиканың жаңа моделіне енуге көмектесу керек. Біз бизнес пен мемлекет мүддесі арасындағы теңгерімді қатаң сақтауға тиіспіз».

2

● ӘКІМ

МӘСЕЛЕ КӨП, ШЕШІМДЕРІ ТАБЫЛАДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен төртінші кездесуі Наурызбай ауданында өтті. Іс-шараға 500-ден астам аудан тұрғыны келді.

3

● ҚЫСҚА...

- Президент Ұлттық қауіпсіздік комитетін реформалау туралы Жарлыққа қол қойды.
- Қазақстан-Түркия арасындағы тауар айналымы 1,5 млрд долларға жетті.
- 23-28 мамыр аралығында Алматыда спорттық гимнастикадан Қазақстан чемпионаты өтеді.
- Алматы метросында сейсмикалық станциялар орнатылды.
- Референдум барысын 39 халықаралық байқаушы қадағалайды. Аккредиттеуге ұсыныстардың келіп түсуіне қарай байқаушылар жөніндегі деректер жаңартылып отырады.
- Халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттердің байқаушыларын аккредиттеу 2022 жылғы 30 мамыр, сағат 18.00-ге дейін жалғасады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БИЗНЕС ПЕН МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ

арасындағы теңгерімді қатаң сақтауға тиіспіз

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы бизнестің өзекті мәселелерін талқылау жақсы дәстүрге айналып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, қаңтар айында болған кездесуден кейін елімізде және әлемде талай нәрсе өзгерді.

АШЫҚ ЭКОНОМИКА САЯСАТЫ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, еліміздің келешегі экономиканың мықты болуына байланысты және кәсіпкерлер мемлекет мүддесін жоғары қоя білуі керек.

– Жалпы, жұмысты дұрыс жүргізу үшін мемлекеттік органдардың есебі жеткіліксіз. Елімізде және әлемде болып жатқан оқиғалар туралы сіздердің пікірлеріңізді білу аса маңызды. Мен, ең алдымен, бір мәселені нақты айтқым келеді. «Ойын ережесі» әділ әрі бәріне бірдей болатын ашық экономика саясаты жалғаса береді. Бұл – менің берік ұстанымым. «Майшелік орындар» мен жайлы қызметтерді үлестіруге жол берілмейді, – деді Президент.

БИЗНЕСКЕ ЗАҢСЫЗ КЕДЕРГІ КЕЛТІРУ – МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІНЕ ҚАРСЫ БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЛЫМЫС

Мемлекет басшысы бизнеспен жұмыс істеу кезінде ескі тәсілдерге жол берілмеуі керек екенін атап өтіп, құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктерді сынға алды.

– Науқанышылдыққа салынып, асыра сілтеуге мүлде болмайды. Егер мұндай оқиғалар анықталса, арнайы тексеру жүргізіледі. Тиісті баға беріледі. 2019 жылы өз Жолдауымда бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы бағытталған қылмыс ретінде қарастырылатынын айттым. Бұл – Бас прокуратураның міндеті. Әрине, алаяқтармен күресу қажет. Оған дау жоқ. Бірақ артық қыламын деп, тыртық қылмау керек. Жазықсыз жандар қосақ арасында жапа шекпеуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ КЕРЕК

Президент мемлекеттік органдардың қызметінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керек екенін атап өтті.

– Өңірлік билік пен аумақтық құқық қорғау бөлімшелерінің басылары кәсіпкерлермен бірігіп, бизнесті қолдау деген сылтаумен үнемі заңды бола бермейтін әрекеттердің жүзеге асырылуына септігін тигізгені жасырын емес. Бұл – үлесті өзара бөлісіп алған деген сөз. Мұның бәрі сыбайлас жемқорлыққа, көлеңкелі әрекеттерге, әкімшілік ресурстарға негізделген және тендерлер мен бюджет қаржысын оңды-солды шашуға бағытталған қазақстандық бизнестің ащы да болса шынайы бейнесін қалыптастырды. Мұндай қылмыс түрлеріне мемлекет батыл әрі міндетті түрде жүйелі тосқауыл қоюға тиіс. Бұл – үлкен міндет. Отандық бизнестің дәл осындай сипаты тұтас мемлекеттің беделіне зор нұқсан келтіреді.

Басқаша айтқанда, елімізде ешқандай да қолдаушы тірек пен рейдерлік болмауы керек. Егер бизнес адал жұмыс істеуге дайын әрі креативті, заманға сай сұранысқа ие болса, оны қолдау қажет. Ұлттық экономиканың жаңа моделіне етуге көмектесу керек. Біз бизнес пен мемлекет мүддесі арасындағы теңгерімді қатаң сақтауға тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы осы мәселелерді шешу үшін бірқатар нақты шараны белгілеп берді.

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЗАҢСЫЗ ЖҮРГІЗУГЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ең алдымен, құқық қорғау органдары тарапынан негізсіз қудалауды азайту жөнінде жүйелі шаралар қабылдау қажет.

– Соңғы бес айда прокурорлар 100 мыңға жуық кәсіпкердің құқығын қорғады. Бұл шамамен тұтас 2021 жылғы көрсеткішке жуықтайды. Аталған деректер тергеу органдарының бизнесті қылмыстық қудалауға мәжбүрлі түрде тартып жатқанын білдіреді. Бас прокуратура кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау-қадағалау, әсіресе, тергеу әрекеттерін заңсыз жүргізуге жол бермеуді барынша қатаң бақылауды қамтамасыз етуге тиіс, – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы кәсіпкерлерді күдікті деп тану тәжірибесі жиі кездесетінін және іс жүзінде бұл тек мүлік даулары екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарынан бірінші кезекте алаяқтық, қаржыны жылыстату, заңсыз ақша табу, қаржы пирамидаларын құру әрекеттерін әшкерелеуді талап етті.

– Әрине, Бас прокуратура құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қиялынан туған қылмыстық істерді тоқтатуға тиіс. Мұндай күмәнді істерге бастамашы болғандарды жауапқа тарту керек. Мемлекеттің бизнеске қолайлы жағдай жасау саясатына нұқсан келтіретін күштік құрылымдар қызметкерлері басыларының жауапкершілігін арттыру шараларын айқындау маңызды. Бас прокуратураға Жоғарғы Сотпен және Үкіметпен бірлесе отырып, заңнамаға нақты түзетулер топтамасын әзірлеуді тапсырамын. Әкімшілік бұл мәселені бақылауға алсын, – деді Президент.

ӘРБІР НЕГІЗСІЗ ҚЫСЫМ ЖАСАУ ДЕРЕГІ

Бас прокурордың жеке бақылауында болуға тиіс

Мемлекет басшысы өз сөзінде мемлекеттік аудит жүйесімен байланысты мәселелерді қозғады. Оның айтуынша, тапсырыс беруші мемлекеттік органдарға қатысты мемлекеттік аудит тексерістерінің нәтижесі тапсырыс орындаушы кәсіпкерлердің қылмыстық қудалауға ұшырауына жиі негіз болады. Бұл ретте Мемлекет басшысы кәсіпкерлердің мемлекеттік аудит қорытындысына шағым түсіріп немесе негізсіз қылмыстық істен құтыла алмайтынын, жүйенің солай құрылғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аудит нәтижесіне шағым түсірудің барлық мүмкіндігі қарастырылмайынша, қылмыстық іс қозғауға жол бермейтін механизмді

енгізу қажет екенін айтты. Сондай-ақ, Бас прокуратураға Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және бизнес-омбудсменмен бірлесе отырып, қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік салаларының аражігін ажыратуға бағытталған механизмдерді тез арада әзірлеуді тапсырды.

Мемлекет басшысы бизнеске қысым көрсету факторларын анықтаудың барынша тиімді жүйесін құруды келесі бір міндет ретінде атап өтті.

– Төпе-теңдік және тежемелік механизмдер жүйесі мен қоғамдық бақылау – осы реформаның табысты формуласы. Құқық қорғау органдары тарапынан жасалған әрбір рейдерлік әрекет немесе негізсіз қысым жасау дерегі Бас прокурордың жеке бақылауында болуға тиіс. Осындай істер соңына дейін жеткізілуі керек. Бұл жерде ешқандай корпоративтік ымыраға жол берілмеуі, тіпті сөз болмауы қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ашық әрі әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің басымдығына баса мән берді.

– Судьяларды іріктеу қағидаттарын жетілдірмейінше, осы бағытта жасалған барлық қуи-жігер тиімсіз болмақ. Қазіргі уақытта сот жүйесінде екі мыңнан астам судья қызмет етіп жатыр. Жыл басынан бері сот жүйесіне қатысты жоқ басқа салалардан келген 50-ге жуық заңгер-практик судья болды. Ілгерілеу бар, бірақ жеткіліксіз. Бұл бағыттағы жұмысты жеделдету керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сот төрелігінің қағидаттарын қамтамасыз етуді тағы бір басымдық ретінде атап өтті.

– Сот жүйесін табанды түрде реформалау қажеттігі пісіп жетілді. Бұл қажеттілік судьялар тарапынан жақсы қабылданып жатыр. Реформа өз көздеген мақсатына қол жеткізеді деп санаймын. Біз мұндай сөздерді шетелдік инвесторлардан да, еліміздің кәсіпкерлері мен азаматтарынан да естіп жүрміз. Сондықтан мен жуық арада осы бағыттағы нақты ауқымды шараларды жариялаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы бизнесті қорғау тетіктерін күшейту мәселесінен бөлек тартымды инвестициялық климат қалыптастыруды маңызды деп санайды. Оның пікірінше, жаһандық тұрақсыздық және белгісіздік жағдайында ішкі және сыртқы сын-тегеуріндер күшейген тұста мемлекеттің рөлі арта түседі.

– Мықты әрі орнықты нарықтық экономика құру үшін бәсекеге жол бермейтін факторларды анықтап, оларды жою жөнінде жүйелі жұмыстар жүргізу қажет. Мұндай сын-қатердің астарында мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың тиімсіз рәсімдері мен оларды айқындау мәселесі жатыр. Бұл салық жеңілдіктеріне, жер телімдерін бөлуге, мемлекеттік сатып алуларға және жалпы әкімшілік реттеу жұмыстарына қатысты болып отыр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің жер телімдеріне қол жеткізу жүйесі мен рәсімдерінің тиімділігін сынға алып, Үкімет-

ке осы мәселені ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Оның айтуынша, жобаның тиімді іске асырылуы жер телімдерін алуға өтініштерді беру және қарастырудың автоматтандырылған темігін жедел енгізуге мүмкіндік береді. Президент бұл жүйені осы жылдың соңына дейін іске қосуды тапсырды.

Президент қазақстандық бизнестің Ресей Федерациясымен ынтымақтастығының перспективаларына тоқталды:

– Ресей біздің стратегиялық серіктесіміз болып қала беретінін түсінуіміз керек. Жақында мен Мәскеуде Президент Владимир Путинмен кездестім. Біз сауда-экономикалық және өнеркәсіптік ынтымақтастығымызды дамыту үшін бірқатар проблеманы, соның ішінде шешімін таппаған мәселелерді егжей-тегжейлі талқыладық. Қалыптасқан байланыстарды сақтай отырып, қазіргі дағдарысты шығынсыз еңсеру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӘКІМДЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ БИЗНЕС-КЛИМАТТЫҢ ҚОЛАЙЛЫЛЫҒЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік саясаттың үнемі өзгеруіне және құбылмалылығына қатысты кәсіпкерлердің шағымдануы орынды екенін айтты. Осыған байланысты Президент Жаңа экономикалық саясат жобасын әзірлеуге бизнес-қоғамдастықты тартуды тапсырды.

– Үкімет пен Президент Әкімшілігінен экономикалық саясаттың макро, салықтық, бюджеттік, қаржы-кредиттік және басқа да негізгі компоненттерін қамтитын доктриналық құжат күтемін. Бұл жұмыс бизнестің конструктивті қатысуымен жүргізілуі керек. Өйткені, осындай жолмен ғана қажетті әрі тиімді реформалар жасай аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы салық саясаты мен әкімшілендіру арасында теңгерімсіздік байқалатынын айтып, осы мәселеге назар аударды. Үкіметке бизнес қоғамдастықпен бірлесе отырып, Салық саясатының ұзақмерзімді тұжырымдамасын әзірлеу тапсырылды.

Президент қолайлы бизнес-климат қалыптастыру тек заңдарды өзгертумен және мемлекеттік субсидиялар берумен ғана шектелмейтініне назар аударды. Мұнда аймақтық және жергілікті деңгейде қабылданған барлық шешімдер мен рәсімдердің жүзеге асырылу тиімділігі маңызды рөл атқарады.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынды қорытындылай келе, бүкіл өңірдің әкімдеріне жиын барысында айтылған барлық ескертпелерді назарға алуды және шұғыл шешуді қажет ететін қазіргі міндеттерді бірлесіп атқаруды тапсырды. Сондай-ақ, әкімдердің жұмысы облыстардағы бизнес-климаттың қолайлылығы бойынша бағалайтынын айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ



Биыл Наурызбай ауданында ұзындығы 14,5 шақырым жолдың, сәуір айында «Ақжар» шағынауданындағы 89 көшеде 45 шақырым жолдың құрылысы басталды.

МӘСЕЛЕ КӨП, ШЕШІМДЕРІ ТАБЫЛАДЫ



Суреттері түсіріп: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қала әкімінің ақпараты бойынша, 2014 жылы Наурызбай ауданы құрылғаннан бері инвестицияларының көрсеткіштері 16 есеге, салық түсімдері 45 есеге, өндіріс көлемі 2 есеге, SMB субъектілерінің саны 7 есеге – 1345-тен 9796-ға дейін өсті.



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Халықпен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі ауданның негізгі проблемалық мәселелерін, оның ішінде әлеуметтік инфрақұрылыммен, инженерлік желілермен қамтамасыз ету, қаланы абаттандыру, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға жағдай жасау және т.б. мәселелерді атап өтті.

— Жақсы экономикалық динамикаға қарамастан, Наурызбай ауданында бірқатар проблемалық мәселелер бар. Тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын жақсарту үшін Алматы қаласының әкімдігі оларды шешуге ерекше назар аударуы тиіс, — деді қала әкімі.

Бүгінде аудан тұрғындарының тек 30%-ы таза ауызсумен қамтамасыз етілген, көпшілігі ашық су қоймалары мен жеке су ұңғымаларын пайдаланады. Шаһар басшысы барлық тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету басым міндет екенін атап өтті. Ол үшін 8 шағынауданда 150 шақырым су құбыры (80% аяқталды) және 75 шақырым кәріз желілерінің (95% аяқталды) құрылысы жүргізілуде. Биылғы жылы заманауи тазарту жүйесі бар «Қарғалы» су тартқышының құрылысы аяқталады, Ақсай өзенінде су тарту құрылысын салу жоспарлануда.

Өз сөзінде Ерболат Досаев Наурызбай ауданында 282 трансформаторлық қосалқы станцияның жекеменшікте екенін атап өтті. Олардың пайдаланушылары электр энергиясы үшін қала бойынша орташа есеппен 2 есе көп төлейді. Бұл ретте айтылған станциялардың тозуы 80%-ға жеткен. Мәселені шешу үшін әкімдік трансформаторлық қосалқы станциялар мен желілерді қала меншігіне өткізумен айналысады. Бүгінгі таңда 77 қосалқы станция «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ балансына берілді, тағы 39-ы жақын арада берілетін болады.

— Аудандағы көлік инфрақұрылымының негізгі проблемалары маршруттардың жетіспеуі және олардың тұрақты қатынамауы, жылжымалы құрамның жетіспеуі, сондай-ақ автобус аялдамаларының аз болуы. Метроның 2 жаңа станциясын іске қосу жоспарланған, сондықтан осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін қаланың батыс бөлігіндегі маршруттық желіге оптимизация жүргізуді

қарастырып жатырмыз, — деп, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудандағы тағы бір өзекті мәселелердің бірін қозғап өтті. Осы орайда, мәселені шешу бағытындағы жолдар айтылды: ағымдағы жылы ауданда 3 жаңа бағыт ашылады, қолданыстағы 5 бағыт күшейтіледі. 8 аялдама кешенін орнату жоспарлануда, 27 учаскеде «Аялдама» белгісі бар тіреулер қойылады. Қоғамдық көлікті одан әрі дамыту мақсатында Абай даңғылы бойында Яссауи көшесінен батыс бағытта Әшімов көшесінің қиылысына дейін орналасқан «Қалқаман» метро станциясының құрылысы басталды.

Биыл Наурызбай ауданында ұзындығы 14,5 шақырым жолдың, сәуір айында «Ақжар» шағынауданындағы 89 көшеде 45 шақырым жолдың құрылысы басталды. Абай даңғылын ауданның әкімшілік орталығынан қала шекарасына дейін ұзындығы 600 метр етіп ұзарту жалғасуда. Ол үшін 73 жер учаскесі сатып алынады, оның 41-і сатып алынды. Ағымдағы жылдың соңына дейін Жұбанов көшесін Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзартуды жобалау аяқталады. Ерболат Досаев барлық жобаларды іске асыру барысында магистралдық жол желісі жүйелілігінің жақсаратынын және Наурызбай ауданы мегаполистің іскерлік орталығы болатынын және көлік ағынымен қамтамасыз етілетінін атап өтті.

Әлеуметтік нысандардың жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін жаңа медициналық мекемелердің, мектептер мен балабақшалардың құрылысы жалғасады. Бүгінгі күні аудан емханаларында жоспарлы қуаттың артқаны байқалады. Алматы қаласының әкімі алдағы уақытта «Құрамыс» шағынауданында 500 орынды емхана және «Ақжар» шағынауданында 200 орынды дәрігерлік амбулатория салу жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар, «Алма сити», «Нұрлы дала» тұрғын үй кешендері ауданында емхана салу үшін жер учаскесін сатып алу мүмкіндігі қарастырылуда.

Аудан мектептеріндегі орын тапшылығы таяу жылдары бала туудың жоғары болуына және ішкі көші-қонға байланысты сақталатын болады. Мәселені шешу үшін 4500 орынды 3 мектептің құрылысы белсенді жүргізілуде. Өткен жылы «Ақжар» және «Рахат» шағынаудандарында 2 жекеменшік мектеп ашылды, биыл «Қалқаман» шағынауданында 1800 орынды мемлекеттік мектеп пайдалануға берілді.

Мектепке дейінгі мекемелерде тапшылық 5 мың орыннан асады. Жыл басынан бері жеке инвестицияларды тартумен ауданда 400 орынды 7 жекеменшік балабақша ашылды. Жыл соңына дейін тағы 200 орынды 5 жекеменшік балабақша ашылады.

Баяндама барысында Ерболат Досаев аудан тұрғындары үшін қоғамдық кеністіктер құруға ерекше назар аударды. Қазіргі уақытта «Шұғыла» шағынауданында Инновациялық шығармашылық орталық пен жалпы аумағы 5,5 га болатын саябақ алаңы салынуда. Жоба аясында мектеп, балабақша, 500 келушіге арналған емхана, 100 келушіге арналған дене шынықтыру-сауықты-



ру кешені, өрт сөндіру депосы және тағы 1 сквер қарастырылған. Ауданда Қарғалы өзенінің жағалауын селден қорғау бөлетінін Жандосов көшесіне дейін қайта жаңарту жоспарлануда. Абаттандыру учаскесінің ауданы 4,6 га құрайды. Жұмыстар келесі жылы басталады.

Наурызбай ауданында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өсу үрдісі байқалады, яғни 2,8 мыңнан астам. Жұмыс істейтін мүгедектерді қолдау үшін ағымдағы жылдың басынан бері әлеуметтік жұмыс орындарын субсидиялау мөлшері 63 мыңнан 92 мың теңгеге дейін артты. Ауданның әлеуметтік инфрақұрылымының 25 нысаны ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімделетін болады. 3 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелін жөндеу жоспарлануда, лифтілер жөнделетін болады, оларды пайдалану тек мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған.

Ағымдағы жылы «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасы аясында қала басшысының тапсырмасы бойынша Наурызбай ауданы үшін қаржыландыру көлемі 500 млн теңгеге, яғни 1,8 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Тұрғындардың ұсыныстары бойынша жаяу жүргіншілер аймақтарын абаттандыру мен көгалдандыру, балалардың ойын және спорт алаңдарын жасау, жарықтандыруды жүргізу, шағын сәулет пішіндерін орнату, аудан тұрғындарының бос уақытын өткізу үшін скверлер салу, сондай-ақ, Тастыбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыру және ағаштар отырғызу, аула аумақтарын ағымдағы жөндеу бойынша 47 жоба іріктелді.

Шаһар басшысымен кездесу барысында тұрғындар жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, шығармашылық үйірмелерді, спорт секцияларын ашу және т.б. мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес, жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді — тоқсан сайын 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланған.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласы әкімінің халықпен алғашқы кездесуі 14 сәуірде Бостандық ауданында, екіншісі — 28 сәуірде Алатау ауданында, үшіншісі — 12 мамырда Әуезов ауданында өтті.

26 мамырда Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен кездеседі.

(Жалғасы 8-бетте).

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫНЫҢ әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

Аудан 2014 жылы құрылған.

Сол уақыттан бері

салық түсімдері
45 есеге,

қарыз
инвестицияларының
көрсеткіштері
16 есеге

өндіріс көлемі
2 есеге,

SMB
субъектілерінің саны
7 есеге өскен.

• Жыл басынан бері жеке инвестицияларды тартумен ауданда **400 орынды 7** жекеменшік балабақша ашылды.

• Жыл соңына дейін тағы **200 орынды 5** жекеменшік балабақша ашылады.

Ауданда **5 мектеп**
салынып жатыр:

2700 орынды 3 мектеп

«Шұғыла» шағынауданында
әрқайсысы **1200 орынды 2** мектеп

«Құрамыс»
шағынауданында
500 орынды емхана
және «Ақжар» шағын-
ауданында **200 орынды**
дәрігерлік амбулатория
салу жоспарланған.



150 шақырым су құбыры және
75 шақырым кәріз желілерінің
құрылысы жүргізілуде.

• Биыл «Қарғалы» су тартқышының құрылысы аяқталады.

• «Ақсай» өзенінде су тарту құрылысын салу жоспарлануда.

Сәуір айында
«Ақжар» шағынауданындағы
89 көшеде 45 шақырым
жолдың құрылысы басталды

Қазіргі уақытта «Шұғыла» шағынауданында Инновациялық шығармашылық орталық пен жалпы аумағы **5,5 га** болатын саябақ алаңы салынуда.



«Бюджетке қатысу» жобасы аясында қала басшысының тапсырмасымен қаржыландыру көлемі **500 млн теңгеге**, яғни **1,8 млрд теңгеге** дейін ұлғайтылды.





#ЖОЛДАУ2022

Стратегиялық 10 бастама:**Сайлау үдерісін жаңғырту**

Халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі, яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор.

• Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн.

• Байланыс технологиялары қарқынды дамып жатқан қазіргі заманда кандидаттар мен партиялардың әлеуметтік желідегі белсенділігінің маңызы зор. Бірақ әлеуметтік желідегі үгіт-насихат қолданыстағы заңнама арқылы реттелмеген. Соған қарамастан сайлау науқаны кезінде онда үгіт-насихат жұмыстары бәрібір жүргізіледі. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тиісті регламент пен ережені бекіте отырып, әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беруді ұсынамын.

• Сондай-ақ, байқаушылардың қызметін заңмен реттеу керек. Бұл институт та ашық сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі саналады. Демократия тарихы дегеніміз – ең алдымен, сайлау рәсімдерін жетілдіру тарихы. Сондай-ақ, сайлау заңнамаларының сақталуын бақылау тарихы деуге болады. Осы орайда, мен байқаушылардың құқығы мен жауапкершілігі нақты белгіленуге тиіс деп санаймын.

• Сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтық сайлау комиссиялары да маңызды рөл атқарады. Былтыр ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізілгені белгілі. Осыған байланысты сайлау науқаны бүкіл еліміз бойынша үздіксіз үдеріске айналды. Енді аумақтық сайлау комиссияларының жұмыс тәсілін қайта қараған жөн. Олар бұл іспен кәсіби түрде айналысуы қажет. Біз бір азаматтың екі рет дауыс беруін болдырмауға тиіспіз.

• Сондай-ақ, азаматтарымыз кез келген учаскеде дауыс бере алуы керек. Сол үшін сайлаушылардың бірыңғай электронды базасын құру мүмкіндігін қарастыру қажет.

• Жекелеген тұлғалардың сайлау барысына ықпал етуіне жол бермеу үшін сайлау қорына салынатын қаржының жоғарғы шегін нақтылау керек.

• Конституция және халықаралық құқық бойынша Қазақстандағы кез келген сайлау – біздің ешкім араласуға қақы жоқ ішкі ісіміз. Бірақ бұл норма сайлау нәтижесіне шетелден ықпал етуге әрекет жасау ықтималдығын жоққа шығармайды. Қазір әлемде түрлі гибридті қауіптер, оның ішінде сайлау технологияларын қолдану арқылы жасалатын қатерлер көбейіп келеді. Осы және басқа да жайттарды ескере отырып, елімізде өтетін сайлауларға шетелдердің араласуына қандай да бір мүмкіндік бермеу үшін заңнамалық деңгейде нақты шаралар қабылдауға тиіспіз. Сол үшін, ең алдымен, кандидаттардан бастап байқаушылар мен БАҚ-қа дейін, сайлау науқанына қатысушылардың бәрінің қаржылық қызметі барынша ашық болуын қамтамасыз етуіміз керек.

ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС

Ел тарихындағы жаңа белес

Халықаралық ақпараттық-технологиялар университетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың конституциялық реформа өткізу бастамасы аясында «Қазақстандағы республикалық референдум» атты «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Оған жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттер, қоғам өкілдері және БАҚ қатысты.



Алғашқы сөз кезегін алған Басқарма төрағасы, «ХАТУ» АҚ ректоры Асқар Хикметов алдағы болатын референдум еліміз тарихындағы жаңа белес екенін айта келе, саяси жүйедегі бұл бетбұрыс Жаңа Қазақстан құрудағы маңызды қадам болатынын талдап, түсіндіріп берді.

– Референдумның маңызды қырлары өте көп. Саяси жүйе түбегейлі өзгерелі тұр. Сонымен қатар, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болып, мәртебесі арта түскелі отыр. Жалпы, бұл шын мәнінде халықтың билігін нығайтудың, азаматтық қоғам қалыптастырудың төте жолы, – деді Асқар Құсұпбекұлы.

Сонымен қатар, «Дөңгелек үстелге» қатысушылар ХАТУ профессоры, ф.ғ.к. Аязби Бейсенқұлов, «Әлеуметтану» мамандығының магистрі, кафедра лекторы Аделек Олуфем Уильям, профессор Дулатбек Балғабекұлы референдумға байланысты өздерін толғандырған ойларымен бөлісті. Спикерлер жалпыхалықтық референдумның қағидаттары жайлы, ҚР Конституциясына енгізілетін негізгі өзгерістер мен толықтырулар хақында әңгімелеп, студенттердің сауалдарына толыққанды жауап берді.

Ж.СЕЙТЖАНОВА,
ХАТУ-дың ассистент-профессоры.



5 МАУСЫМ – ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

Өзгерістер болашақ үшін жасалады

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша референдум өткізуді қолдау үшін ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты «Конституциялық реформа жаңа Қазақстанның саяси-құқықтық негізі ретінде» тақырыбында конференция өткізді.

Конференцияға қатысушылар – ғалымдар мен сарапшылар конституциялық реформаның өзекті мәселелерін, жаңа Қазақстанның саяси-құқықтық аспектілерін, ағымдағы жылғы 5 маусымдағы жалпыхалықтық референдумның міндеттері мен мақсаттарын талқылады. Институттың жетекші ғалым-саясаттанушылары мен шақырылған сарапшылар Президенттің



Суретті түсірген Айгүл Қошубетов

жалпыхалықтық референдум өткізу бастамасын қолдаудағы Аманат партиясының мәлімдемесін назарға алып, реформалар нәтижесінде Қазақстанның саяси дискурсы қалай өзгертінді туралы өз пікірлерін білдірді.

Серік СЕЙДУМАНОВ,
Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, академик:

Дамуға бастайтын жаңашылдық болғалы тұр

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен ауқымды және саяси-әлеуметтік жағынан маңызы зор өзгерістер орын алуда. Соның ішіндегі ең негізгісі, ол – референдум. Бұл дегеніміз – біздің Ата Заңымыздың құқықтық, заңдық негізде бекуіне септеседі. Сонымен қатар, әлеуметтің әлеуетін арттырып, дамыған елге жол бастайтын тың жаңашылдық болғалы тұр.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстанның демократиялы, қарыштап дамыған, әр салада үлкен жетістіктерге жеткен алпауыт мемлекетке айналуын бәріміз көздейміз. Сол бағытта атқарылып жатқан шаруалар да аз емес. Өткізіліп жатқан талқылаулар мен кеңестер соның айқын дәлелі.

Мемлекетіміздің іргесі бекем, алар асуы алда болсын демекпіз.

Расул ЖҰМАЛЫ,
саясаттанушы:

Бәрі өркениетті түрде жүзеге асу қажет

Жаһандағы саяси ахуал құбылып тұр. Соңғы 3 жылдағы пандемия, мемлекеттер арасындағы тектірістер бізге де өз әсерін тигізді. Өйткені, әлемнен тысқары қала алмаймыз. Қаңтар оқиғасының жайын жақсы білесіз. Жастар саясаты да күрделі дүние. Бірақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы осындай қиын сәттерді сезініп отыр. Бұл жағынан келгенде Президентіміздің мықты саясаткерлігі байқалады. Енді жалпыхалықтық референдум өтетін болады. Осыны көше демократиясымен емес, өркениетті түрде жүзеге асыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми-саяси институттардың маңызы зор.

Қазақ қоғамы жанару үшін барлығын заң жүзінде іске асырған абзал. Білеміз, референдум өткізуді қолдаушылар да аз емес, сынаушылар да бар. Дегенмен, халыққа түсіндіріп, еліміздің өркендеуін ойлауымыз керек. Осындай игі істерді ешқандай айқай-шусыз іске асыруға болады. Бастысы, бұрын жіберген олқылықтарды қайталамауымыз қажет. Сондықтан демократиялық қоғам құрамыз десек, баршамыз бір кісідей атсалысқанымыз абзал.

Мұрат СӘБИТ,
философия ғылымының докторы, профессор:

Оң өзгерістерге қолдау білдірейік

Референдум жайлы газет-журналдан, радио-телеарнадан естідік. Бұл жөнінде көптеген ой-пікірлер айтылды. Жер-жерде талқылаулар жүре бастады. Алғашқыда осындай ауқымды істің жалғасып, талқыланып жатқанына онша көңіл бөлмедік. Ойымызда бір ғана ой болды. Ол бұрынғы жартас сол жартас шығар деп ойлап қана қойдық. Дегенмен, соңғы кездері жаппай талқылаулар өтіп жатқанда көңіліміз бұрылып, бастаманың ауқымының кең екеніне көз жете бастады.

Президенттің Ата Заңға өзгертулер енгізу туралы ұсынысын қолдаймыз. Мұны жақсылықтың нышанына да балаймыз. Бұрынғыдай билік бір адамның немесе бір топтың ғана айналасына шоғырланбаса екен дейміз. Халықтың пікірінің ескерілгенін қалаймыз. Сол себепті, жасалып жатқан оң өзгерістерге қолдау білдірейік.

Раушан САРТАЕВА,
философия ғылымының кандидаты:

Бұл – уақыт талабы

Отанымыздың жақсылық пен дамудың даңғыл жолына түскені қуантады. Бұл үшін үлкен қозғалыс керек болған. Біздіңше, көптің күткені де осы референдум арқылы жүзеге асатын өзгерістер деп ұғамыз. Бұл төңірегінде жыл басында Саясаттану, философия және дінтану институтында талқылағанбыз. Жаңа өзгерістің орын алғанын қалағанбыз. Ол жағы қазіргі таңда орындалды.

Қазақстанның реализациялық, модернизациялық тұрғыдан дамығанын баршамыз құптаймыз. Кейбір кісілер 1993 жылғы алғашқы Конституцияны қайтаруды да айтып жүр. Ендігі бір кісілер бүгінгі қолданыстағы заңдарды қатайтайық дегенді алға тартады. Әрине, қызу пікірталас көп-ақ. Десе де, қазіргідей алмағайып заманда президенттік-парламенттік басқару үлгісін құптаған болар едік. Бұл – уақыт талабы.

Мемлекет басшысы да тарихи сәттің үстінде тұрғанымызды сезінуде. Сондықтан жеке біреулердің қалтасы үшін емес, мемлекет болашағына қызмет еткен дұрыс. Сонда жастарға айқын бағыт-бағдар ұсына аламыз. Қастерлі Отанымыз баршамыздың панамыз демекпін.

Дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



КЕЗДЕСУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мәслихат депутаттары референдумды қолдады



Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының бастамасымен төрт саяси партияның депутаттары кездесу ұйымдастырды. Басқосуға қатысқандар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан Жаңа Қазақстанның берік құқықтық іргесін қалауға бағытталған Конституцияға түзетулер пакетінің стратегиялық маңыздылығы мен өзектілігін атап өтті.

Кездесуде мәслихат хатшысы Станислав Канкуров, партия фракциялары мен тұрақты комиссиялардың басшылары Рахат Шимашева, Көпесбай Жампиисов, Алибек Шапенов, Махамбет Хасенов және басқа да депутаттар сөз сөйледі.

Ата Заңға түзетулер қабылданған жағдайда мәслихаттардың халық мүддесін білдіретін өкілеттігі арттырылады. Сондай-ақ, «Облыс әкімдерінің жанама сайлауын»

енгізу жоспарлануда, онда Президент екі кандидатты ұсынатын болады. Ал әкімдер облыс аумағындағы мәслихаттармен сайланады.

«Бүгін біз мәслихатқа ұсынылған депутаттық фракциялар мен тұрақты комиссиялар басшыларының отырысын өткіздік, онда депутаттар Конституцияға өзгерістер енгізу мәселелері бойынша референдум өткізуге байланысты Мемлекет басшысының

реформаларына бірауыздан қолдау білдірді. Сонымен қатар, Алматы қаласының депутаттары алдағы референдумға қатысты қала тұрғындарымен 100-ден астам кездесу өткізгенін атап өту қажет. Осы іс-шаралар барысында азаматтар Мемлекет басшысының бастамаларына белсенді түрде қолдау білдіруде», – деді мәслихат хатшысы Станислав Канкуров.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» жеке заң әзірленуде. Осы заңды негізге ала отырып, жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттіктері, процестерді де бюрократизациялау кеңейтіледі және мемлекеттік органдар мен мәслихаттардың тиімділігі артады. Түзетулер пакетіне сәйкес мәслихат депутаттарының 50%-ы тұрғындардың тікелей дауысымен сайланатын болады.

5 маусымда біздің елімізде мемлекеттік басқару жүйесін және жалпы қоғамдық қатынастарды қайта құруға әкелетін Негізгі Заңға түбегейлі өзгерістер енгізу жоспарлануда. Референдумға Конституцияның 33 бабы енгізілді, олар ауқымды әрі өзекті реформаларды білдіреді. Мемлекет басшысы Қазақстан «Екінші Республиканың» алдында тұрғанын айтты. Бұл өзгерістер елдің бүкіл саяси жүйесі мен қоғамға қатысты болады.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның «суперпрезиденттік» модельден «президенттік» модельге көшуін жариялады. Шектеулердің бірі – Президенттің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде саяси партияға кіруіне тыйым салу. Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға тыйым салу. «Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халық меншігінде. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады», – деп ел Президенті айтты. Осы өзгерістердің барлығы демократия мен әділеттіліктің принциптері мен құндылықтарын ұстанатындығын дәлелдейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#РЕФЕРЕНДУМ2022



ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІНЕН:

Құрметті референдумға қатысушы!

- Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.
- Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылуы кепілі болып табылады.
- Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.
- Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеніңді біліп, тізімге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.
- 2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскеніңде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

ӨРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

5 МАУСЫМ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСТЕРІ

43-бап



Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ



3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде **САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА** ТИІС.

4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары **ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.**

15-бап, 2-т.



4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.



4. АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН



Материалдар Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес «Алатау Ақпарат» ЖШС-нің тапсырысы бойынша шығарылды. Жауапты тұлға – Т.Р.Данияров. Басылым атауы – «Almaty aqshamy». Сенбілік таралымы – 4625 дана. «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды.



#РЕФЕРЕНДУМ2022

ҚОҒАМДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ІЛГЕРІЛЕУГЕ БАҒЫТТАУ

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері Георгий Константинович, Нурия Ниязова, Расул Ахметов және осы жоғары оқу орнының ұстаздары мен студенттері, қоғам белсенділері бас қосты.



Жиынға қатысушылар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан Жаңа Қазақстанның берік құқықтық іргесін қалауға бағытталған Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді көздейтін жалпыхалықтық референдумның маңыздылығы мен өзектілігін атап өтті.

Референдумның маңызы, қажеттілігі жөнінде Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, грек этно-мәдениетінің Алматы қаласындағы жетекшісі Георгий Константинович мәлімдеді.

«Біз осындай форматта кездесіп, жастармен жүздесіп отырғанымызға қуаныштымыз. Конституция ең маңызды құжат. Біздің қолданыстағы Ата Заңымыз 1995 жылы қабылданды, сонан бері қаншама өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ оларда бүкілхалықтық мүдде қамтылмаған еді. Міне, биылғы референдум сол оқылықтардың орнын толтырып, Конституциямызда халықтың мүддесі ескерілмек. Президентіміздің «халық болып ақылдасайық, бірге отырып бірлесе шешейік, өзгерістер енгізейік» деген бастамасы құптарлық. Құқықтық дамыған елде ғұмыр кешуді бәріміз қалаймыз. Сондықтан ортақ іске жұмылайық, бір кісідей атсалысайық», – деді спикер.

Референдумның қоғам өміріне үлкен өзгерістер әкелері анық. Бұл жөнінде жиынға қатысушылар арасында қызу пікірталас өрбіді, жастар осынау жалпыхалықтық шараның маңыздылығын атап өтіп, референдумды қоғамды демократиялық ілгерілеуге бағыттауына сенімді.

«Бұл өмірдің заңдылығы. Әсіресе, мемлекетімізді дамытушы күш – жастар. Сондықтан біз елде болып жатқан өзгерістерден шет қалмауымыз керек. Бұл патриотизмнің үлкен белгісі деп білеміз. Баршамыз 5 маусымдағы референдумға қатысып, таңдауымызды жасаймыз», – деді ҚХА мүшесі Нурия Ниязова.

ЭКОНОМИКАНЫ КӨТЕРУ
ЕЛ НАРЫҒЫН ДАМУЫ

«MetalPromGroup» ЖШС ұжымымен бүгін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Б. Торғаев, А.Платонов, мәслихат депутаты, Алматы қаласы кардиологиялық орталығының директоры А.Қодасбаев және Аппат партиясы Алмалы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Е.Әлбисенов кездесу өткізді.

Іс-шара барысында металл бұйымдарын өндіру және көтерме бағамен сату мекемесінің жұмыс орнымен танысып, қызметкерлері арасында Конституциялық реформа жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Компания басшылығының тарапынан мәжілісмендерге Қазақстанның экономикасын көтеру үшін және ел нарығын дамыту мақсатында өнімдерге мемлекеттік тапсырыстың болуын және отандық өндірушілерге назар аудару керектігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, кездесу барысында жалпыхалықтық референдумға қатысу әрбір азамат үшін үлкен саяси мүмкіндік екенін атап өтті. Азаматтар өз ұстанымдарын білдіру арқылы болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті, Отан алдындағы маңызды борышты жете ұғына түсетіндігін айтты.

– Жаңа Қазақстанды құру үшін жаңа идеялар, жаңа бастамалар керек. Конституцияға енгізілетін өзгерістер мемлекеттің, қоғамның өміріне елеулі өзгеріс әкеледі. Бұл ретте жастар, аға буын өкілдері жауапкершілікті сезінуі тиіс. Ел өміріндегі саяси маңызы зор оқиғаға баршаңызды белсене қатысуға шақырамын, – деді Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Б.Торғаев.

«ШЕШІМДІ БІРАУЫЗДАН
ҚОЛДАДЫҚ»

Алматы қаласындағы Ауған соғысы ардагерлері одағының кеңсесінде «Қазақстан – Біздің Шаңырағымыз – Наш дом – Казахстан» қоғамдық азаматтық қозғалысының өкілдерімен Қазақстан Республикасының Конституциясына ұсынылған түзетулерді түсіндіру және референдумды қолдау мәселелері бойынша кездесу өтті.

«Бүгін 5 маусымда өтетін референдумға қатысты жиын өтті. Ауған соғысы ардагерлер ұйымының мүшелері, қала мәслихаты депутаттары, тағы да басқа азаматтар қатысты. Бұл шарада 30-дан астам бапқа өзгеріс енгізілуі жөнінде және жаңадан құрылып жатқан Конституциялық соттың мәні мен маңызы талқыланды. Дер кезінде қабылданған шешімді бірауыздан қолдадық. Қазақ елін белсенді араласып, немқұрайлы қарамай, әділетті Қазақстан құруға, референдумға атсалысуға шақырамын!», – деді «КОК БАЙРАҚ» Ауған соғысының мүгедектері мен ардагерлерінің қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әуез Тұлмаханұлы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Халықаралық музейлер күніне орай, Алматы қаласындағы музейлерде «Музей түні» ұйымдастырылды. Ал Орталық музей бұл жобаны 2006 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Музей түнінің форматы жыл сайын өзгеріп отырады. Биыл алматылықтар мен қала қонақтары жаңа бағдарламалармен танысты. «Талантты балалар шеруі» республикалық балалар фестивалін тамашалады. Музейдің қор коллекциясы негізінде құрылған көрмелер мен Қазақстан суретшілерінің авторлық туындыларын аралады. Шара 3 қабатты ғимараттың әр залында, балаларға арналған түрлі шеберлік сабақтармен ұйымдастырылды.

«МУЗЕЙ ТҮНІ»:

Ақтолқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Атап айтқанда, көрмеге келушілер «Қырым аралы» ғылыми-қалпына келтіру зертханасының Қазақстан аумағында ұйымдастырылған қазба жұмыстарымен танысты. Қалпына келтірілген ерекше археологиялық артефактілер көпшіліктің назарын аударып, ерекше бағаға ие болды. «Атабабыздан қалған мұраларға реставрация жасап, бүгін халыққа ұсынып жатырмыз. Бүгінгі көрмеге қойылған жәдігерлерді музейге келушілер бірінші рет көріп отыр. Өйткені, оны менен басқа ешкім көрген емес. Бұл жәдігерлер зат түрінде біздің мәдениетіміз бен тарихымыздан сыр шертеді. Бүгінгі көрмеге 200-ден астам жәдігер қойылды», – деді Қырым Алтынбеков.

Бұл күні ұйымдастырылған іс-шаралар легі мұнымен бітпеді. «ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауына орай, ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің «Музей түні-2022» балалардың бастамалары мен жаңашыл идеяларын қолдауға бағытталды. Аталмыш акцияның негізгі бөлігі «Талантты балалар шеруі» республикалық балалар фестиваліне арналды. Республиканың әр өңірінен келген талантты балаларға 16 номинация бойынша жүлде мен марапат берілді. Сыйлық пен марапаттарды Қазақстанның халық әртістері Нұрғали Нүсіпжа-

нов, Роза Рымбаева, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет және өзге де елге белгілі өнер санлақтары табыстады.

«Музей қорында 300 мыңға жуық экспонат сақталған. Тарихи-мәдени құндылықтарды қалпына келтіру жұмыстары – музейлік жәдігерлерді сақтау ісінің бірден-бір негізгі жолы екені белгілі. Музей түнінде балалардың арасындағы республикалық фестивалдің қорытындысы шығарылды. Мұнда жеңімпаз болған балаларымыз марапатталды. Оның бір ерекшелігі – оны аға-апаларымыздың өздерінің келіп тапсыруы», – деді ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің директоры Рашида Харипова.

Мемлекеттік Орталық музейде өткен акцияның тағы бір маңызды оқиғасы – «Коворкинг балалар орталығының» ашылуы. Орталықтың жұмысы балаларды музей әлемімен, ондағы тарихи құндылықтармен таныстыруға, сондай-ақ шығармашылық бастамалар мен балалардың мүмкіндіктерін ұштауды ұйымдастыруға бағытталған. Яғни балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мультипликациялық фильмдер көру, кітап оқу, қазақтың ұлттық ойындары және дәстүрлі музыкалық аспаптарда ойнауды үйретеді.

«Музей қызметкерлері қазақ ұлттық дәстүрлерін шынайы түрінде көрсетіп, музей қонақтарының көңілінен шықты. Бүгінгі осындай музей жастарының ұлттық құндылықтарды сақтап, насихаттағанына қарап, халқы-

мыздың мәдениеті, руханияты сабақтастығы өшпейтіні анық», – дейді Ұлболсын Исабекова.

«Коворкинг балалар орталығының» тұсауын кескен жазушы Мереке Құлқенов балдырғандардың қуанышына ортақтасып, жылы лебізін білдірді. «Біздің компания өзінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекеттік Орталық музейде балалар оқыту орталығының ашылуын қаржыландыра отырып, Алматының және бүкіл Қазақстанның мәдени өміріне елеулі үлес қосқанына мақтанады. Бұл – біздің тарихымыз бен мәдениетімізді жақсы білгісі келген өскелең ұрпаққа берілген сыйлық. Жобаны іске асыру құны 3 млн теңгеден асты», – деп атап өтті басқарма төрағасы Шалқар Жүсіпов.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Музей күнін әлемнің 150-ден астам мемлекеті мереке ретінде атап өтеді.
- Бұл күні барлық музейлерде «Музейдегі түн» шарасы аталып өтіледі.
- Қазақстанда қазіргі уақытта 230-дан астам музей бар.
- Қазақстандағы алғашқы музейлік бастаманы 1828 жылы Жәңгір хан көтерген. Сол жылы өз ордасында музейлік көрме залын ашты.
- Қазақ жерінде арнайы мекеме ретінде ұйымдастырылған алғашқы музейлер 1831 жылы 1 сәуірде Орынборда, 1883 жылы Семейде, 1898 жылы Верныйда, 1859 жылы Оралда ашылды. Жалпы, революцияға дейін Қазақстанда осындай 4 музей болды.
- Революциядан кейін 1920 жылы Қостанай мен Көкшетауда музей ашылды.
- Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстанда 24 музей болды. Онда 70 мыңнан астам жәдігер сақталды.





МҰРАЖАЙЛАР – ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН СЫР ШЕРТЕДІ

«Коворкинг» орталығының аясында «Жас экскурсовод», «Өлкетанушы» және «Бірге сурет салайық» бейнелеу үйірмелері ашылып, музей түніне келген балалар тегін қатысты.

Аталмыш шараны танымал әншілер, өнерлі балапандар жалғастырды. Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі, «Камерата Казахстан» және В.Боровикованың жетекшілігіндегі скрипкашылар ансамблі үлес қосты. Қазақстан–Жапония орталығы оригами, каллиграфия, фуросики өнері бойынша шеберлік сабақтарын өткізді. Бір қызығы, арнайы тамашалаған адамдар болмаса, музей үшін жаңғыртқан музыка үнін, әуелген ән, төгілген күйді елең кылмастан, көне жәдігерлерді қызықтап жүргендердің рухани қажеті мен сұранысы басымдық түскені анық аңғарылды.

Акция аясында Қазақстанның танымал әйгілі фотография, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, халықаралық, республикалық және қалалық байқаулардың лауреаты Максим Золотухиннің «Өзімнің арманым» атты фотокөрмесі ашылды. Көрмеге Алматы қаласына арналған 35 жұмыс қойылды. Фотосуреттерде қала өмірінен сюжеттер түсірілген. Көрме 18 маусымға дейін жалғасады.

«Музей түні» акциясы мұражайларды біріктіріп, өнерді көрерменге жақынырақ етуге мүмкіндік берді. «Алматы қаласы музейлер бірлестігінің» жеті музейі аталмыш мерекені атап өтті. Көрермендерге «Жанды музей», яғни экспозицияларды тірілтуге негізгі басымдық берілді. Еріктілер мен музей қызметкерлері музейлерде тарихи тұлғаларды сомдап, ән шырқап, театрландырылған көріністер қойды. Алматы музейінің залдары тарихи оқиғаларды, сол дәуірдің киімдері мен тұрмыс-тіршілігін интерактивті түрде келушілер назарына ұсынды. Диірмен тарту, келі түю, баланы бесікке салу, т.б. дәстүрлерді музейге келушілер өздері қатыса отырып жүзеге асырды.

«Мұражай – терең тарихтың қойнауына сүңгітіп, сол арқылы жан-дүниенің байытатын орын. Ол – халықтың өткені жайлы көптеген мәліметтермен жастарымыздың бойына рухани азық береді. Атаулы мерекеге орай түрлі ойын-сауық шараларды ұйымдастырдық. Көрмеге келушілерге квест ойындарын ойнатып, жас әншілер мен танымал жандарды шақырдық», – дейді «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директорының даму жөніндегі орынбасары Қайрат Тарбаев.

Сақ дәуірі, Орта ғасыр, Қазақ хандығы мен Кеңестік кезеңнен қалған экспонаттар арнайы актерлардың қатысуымен келушілерге жаңа қырынан көрсетілді. Мәдени-танымдық іс-шара қаланың жеті музейінде өтті. Мысалы, тарихи кезеңдерге байланысты 11 залдан тұратын Алматы музейінің іші мен сырты келушілерге лық толды. Сақ дәуіріндегі ханшайым мен орта ғасырдың киім үлгілерін киген қызметкерлер мен еріктілер тұрғындарға әр кезең туралы ақпарат берді.

«Шара маған ерекше ұнады. Тарихымыздан сыр шертіп, әсем әуен естідік, ойындар ойнадық. Музей қызметкерлеріне ерекше алғысымды білдіремін. Орта ғасырда Ұлы Жібек жолы Қытай мен Еуропаны жалған алтын көпір болғанын түсіндік. Осы жолда бізде көптеген сауда орындары



Суреттерді түсіргендер: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ, Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Кеңестік Қазақстандағы музей ісінің дамуына Г.Потанин, Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков зор үлес қосты.
- Қазақстанда «музейтану» мамандығы 1981 жылдан бері (ҚазМУ) оқытылып келеді.
- «Музейдегі түн» идеясы ең алғаш рет 1970 жылдары ұсынылды. Бірақ идея қолдау таппай 1997 жылға дейін бұл шара өткізілмеді.
- Әлем бойынша бұл идеяны алғаш рет 1997 жылы Германия «Lange Nacht der Museen» («Музейдегі ең ұзақ түн») деген атпен өткізді. Берлинде өткен шараға ресми Париж қызығушылық білдіріп, 2001 жылы Луврдағы музей түнін өткізді.
- Қазақстандағы алғашқы «музейдегі түн» 2006 жылы Алматы қаласындағы Орталық музейде өтті.
- Әлемдегі музейлердің қызметі Халықаралық ИКОМ-ға бағынышты. ИКОМ (International Council of Museums, ағылшын. ICOM) 1946 жылы Парижде құрылды.

пайда болғанын білдік. Сонымен қатар, орта ғасырда дирхемдер пайда болғандығын байқадық», – дейді Ержан Молдабек есімді қала тұрғыны.

«Жанды музей» шеруі ерекше болды, онда еріктілер мен мұражай қызметкерлері бірлестіктің мұражайлары бойынша дәуір мен тақырыпқа сәйкес костюмдерде театрландырылған экскурсиялар жүргізеді. Алматы музейінің залдарында өз заманының тұрмысы мен мәдениетін көрсететін түрлі дәуірдегі «тірі» кейіпкерлер болды. Келушілер қол диірмендерінде жұмыс істеуге, «бесікке салуға», қазақ

дәстүрін және басқа да көптеген интерактивті бағдарламаларын көруге мүмкіндік алды. Ал музейдің алдында ретростильде киінген қыз-жігіттер 70, 80-жылдардың әндерін орындап, би билеп, қала тұрғындары жастық шақтарын еске алды. Кешкі сағат жетіде басталған мәдени шара түнгі 11-ге дейін жалғасты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәдігерлерге жан бітіріп, жаңаша қырынан көрсету жастардың қызығушылығын арттырады екен. Сондықтан болар, келушілердің арасында студенттер мен мектеп оқушылары көп болды.

● ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



● ЗАМАНСӨЗ

ҰЛТЫН ШЫН СҮЙЕТІН ҰЛТШЫЛ

Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

Сәкен СЕЙФУЛЛИН.

● ТАРИХИ ДЕРЕК

Ахмет Байтұрсынұлы – ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

- Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш Орда өкіметінің мүшесі.
- Қоғам қайраткері патша отаршылдығына қарсы күрестегі белсенді іс-әрекетіне байланысты 1909 жылы Семей түрмесінде бір жыл отырып, екі жылға жер аударылады. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін шығара бастады. Газет қазақ халқының ұлттық санасын оятып, азаттық күреске шақырды. 1917 жылы өз пікірлерімен бірге «Алаш» атты партия құрды.
- 1905 жылы әйгілі Қоянды жәрмеңкесінде жазылған, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі. Бұл петицияда жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.
- Патша отаршылдығына қарсы күрестегі белсенді іс-әрекетіне байланысты А.Байтұрсынұнов 1909 жылы Семей түрмесінде бір жыл отырып, екі жылға жер аударылады.
- 1913–1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханмен және М.Дулатұлымен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. 1917 жылы өз пікірлерімен бірге «Алаш» партиясын құрды. Алаш партиясының бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Алаш Орда құрамын бекіткен Екінші жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті.

(Дереккөз: Уикипедия — ашық энциклопедиясы).

● ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

БІЛІМ БӘЙГЕСІНЕН пайда болмаса, шығын болмайды

«Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы. Білім жарысының басқадан артық жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды».

1913 жыл.



ӘКІМ

МӘСЕЛЕ КӨП, ШЕШІМДЕРІ ТАБЫЛАДЫ

(Басы 1-3-беттерде)

Қала әкімінің тұрғындармен кездесуі сұрақ-жауапқа ұласты. Байқап қарасаңыз, әр ауданның өзіне ғана тән мәселелері бар. Мысалы, Наурызбай ауданы салыстырмалы түрде жақында – қала аумағына кірген. Алайда, әлі де облыс қарамағынан толықтай шыға алмай отыр. Өйткені, жер қала резервіне кіргенімен, су, жарық Алматыға әлі өткізілмеген. Салдарынан біраз жұртшылық сапалы әрі арзан коммуналдық қызметтерден қағылып отыр. Мұндағы әкімге қойылған сұрақтардың мәні мен өзегі осында.

Динара
МУРАТ

Тұрғындар тілегі ескеріледі

Аудан тұрғыны:

1. Ә.Сығай, Кенжетасов көшелерінің мәселесімен келіп тұрмын. Бізде жарық жоқ. Бізге цифрлық трансформатор орнатып, қалалық электр желісіне қосып берсеңіз.

2. Екінші мәселе, кәріз желісін жүргіземіз деп, бәрін қопарып тастады. Нәтижесінде Ә.Сығай көшесінде 2 күн бойы су жоқ, оны да «Алматы суға» қоссаңыздар деп сұраймыз.

3. Жогарыдағы жұмыстарды жүргізіп жатқан «Толағай» компаниясына біз риза емеспіз, жолдың қазылған күйі жатқанына 1 жылдан асты. Барлық көшеде асфальт, тротуар болады деген үміттеміз.

4. Оған қоса, бізде балалар алаңы жоқ.

5. Жуалы көшесінде бір-ақ арық жатыр, су келіп, үйлерді басады, жауынды күндері лайлы болады. Оны не істеуге болады?

6. №15 маршруттың аялдама кешендері жоқ. Жақыбаев көшесі мен Тарған көшесі қиылысында, арғы-бергі беттерінде балабақша орналасқан, алайда жаяу жүргінші жолы жоқ. Жуалы, Жақыбаев көшесіне бағдаршам сұраймыз.

7. Тарған көшесінде газ құбыры жоқ, халық газсыз отыр.

Қала әкімі бірқатар сұрақтарға өзі жауап қатып, қалған сауалдар бойынша аудан басшысы түсіндірді.

– Қағазыңызды аудан әкіміне тапсырыңыз, кейбір сұрақтарыңызға жауап берейін: Арық бойынша биыл бүкіл Алматыда, әсіресе, Райымбек даңғылынан төмен арықтарды салу жұмыстары қолға алынады. Осыған орай, 2 жылдық бағдарлама жасадық. Сіздің көшелеріңіз кірген болса, жөнделеді.

Ойын алаңы туралы – жер жоқ болғаннан кейін сіздердің ықшамаудандарыңыздан бос орын іздейік. Жекеменшік жер болса, сатып алайық. Тапсырма: иесін табыңдар, ақшасы қымбат болмаса биылғы жылы бюджеттен сол алаңға ақша бөлемін, – деді қала әкімі.

– Трансформатор бойынша жұмыс басталып кетті, ол Қарасай ауданына қарағандықтан, қазір біз олармен келіссөздер жүргізудеміз.

1. Қарасай мемлекетке өткізу керек, одан кейін қалаға аламыз.

2. Сығай көшесіндегі су бойынша – биыл жобаға кіргізілді, келесі жылы салынады.

3. Тарған көшесіндегі жол бойынша, бүгінгі таңда автобус жүретін 5 көшеге асфальт төселеді, қалған көшелерге уақытша асфальт үзінділерін пайдаланамыз, келесі жылы жоба біткен кезде осы 18 көшеге кіретін 14 көшеге жол жасалады.

4. Бағдаршам – бұл жөнінде өздеріңізге бұрын да айтқанмын, қазір Төле би көшесін ұзарту жұмыстары біткеннен кейін, ол жерде 4 бағдаршам орнату жобада бар. Әзірге көше тар болғандықтан, аялдаманы да қою мүмкін болмай тұр.

5. «Толағай» компаниясы туралы: мердігер ұйыммен осы дүйсенбіде кездестік. Ескертудімізді бердік, хат жолдадық. Хат бойынша жұмыстарын түзейді, – деп хабарлады аудан әкімі Санжар Тоғай.



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Ауданның тағы бір тұрғыны Мейрамгүл апа қаланың шеткі аумағында тұратынын айтып, ондағы коммуналдық қызметті қалаға аударуды өтінді. Одан бөлек, мағынасыз көше атауларына да тоқталды.

– Біз 2008 жылдан бері осы жерде тұрамыз, кейін қалаға өттік. Ауылда тұрып жатқандаймыз. Балшық деген күзде, көктемде тобығымыздан келеді. Балаларға обал. Қазір есік аша алмаймыз – қара шаң. Одан бөлек, жол, жарық, газ бәрін өз күшімізбен кіргіздік. Тек барлығын енді қалаға өткізуді сұраймыз.

Қалаға көшкеніміз болмаса, көшелеріміздің бәрі «дала» көшелер. Қазақта небір біртуар адамдар бар ғой, неге атауларын өзгертпеске?

Аудан әкімі Мейрамгүл апаны жақсы танитынын айтып, апаның белсенділігін ерекше атап өтті. Алдағы уақытта біраз мәселелер шешімін табу керек.

– Қолдан келгенше апамызға көмектесіп жатырмыз. Бұл аймақ «Шұғыла» ықшамауданы, жаянағы 18 көшеге кіреді: Тарған, Дала көшелері. Көшелер атауы бойынша – 33 көшені ономастикаға бердік. Шынымен де, 5 даңғылдың барлығы «Дала» деп аталады. Жарық бойынша – заң бойынша біз нысанды қараусыз деп 1 жылдың ішінде танимыз. Құжаттардың бәрін беріп қойдық, хаттамалардың бәрін Қарасайға өткіздік. Келесі жылдың басында қалаға өткіземіз деп ойлаймын.

Ерболат Досаев апаның арызын өзінің жеке бақылауына алатынын айтты.

– Апа, көріп отырсыз ғой, заң бойынша бір жылдан кейін ғана сіздерді аудараламыз. Бес ай күте тұрыңыздар. Жұмыстарды өз бақылауыма аламын. Жол мәселесіне келер болсақ, осы жылы жөнделу керек 18 көшенің ішіне кіріп отырсыздар.

Абаттандыру жұмыстары қолға алынады

Алматы қаласы бойынша жауыр болған тағы бір мәселе – тұрғын үй мәселесі, мердігер компаниялар жұмысына деген наразылық. Мысалы, Наурызбай ауданы тұрғындары «Qazaq Stroy», «Timus Construction» сынды компанияларға шағымдарын түсіріп жатты.

– Мен Наурызбай ауданы, «Шұғыла» ықшамауданының тұрғынымын. «Шұғыла Сити» тұрғын үйі атынан келіп тұрмын. Менің бірнеше сұрағым бар. Қазір бізде үй салып жатқан компания тек біздің ауданда ғана емес, бүкіл Алматы қаласында қалай болса солай, ретсіз құрылыс жүргізуде. «Qazaq Stroy» компаниясына назар аударсаңыздар. Нәтижесінде бізде халық көбейіп жатыр: көлік, мектептер, балабақшалар жетіспейді. «Шұғыла Сити» тұрғындары бір жыл бұрын үйге кірді, бірақ әлі күнге дейін бізде абаттандыру жүргізілмеген. Неліктен?

Аудан әкімі абаттандыру бойынша мәселе құрылысты аяқтаған екінші «Timus Construction» компаниясының тұрғындарды мерзімінен бұрын үйге кіргізгеннен туындағанын түсіндірді.

– Сіздердің аулаларыңызда 4 балалар алаңы қарастырылған. Біз бұл жұмыстарды бір ай ішінде аяқтаймыз деп келістік. Тротуарлар төселіп, жарық орнатылды. Газ бойынша – бір ай бойы біз әр пәтерге газ жүргіздік. Қалған мәселелер де шешіледі, шыдамды болайық, – деді Санжар Тоғай.

Ал Ахметжанов Данияр есімді алматылық «Нұрлы дала» тұрғын үйін салған мердігер компанияның жұмысына көңілі толмайтынын жеткізді.

– Былтыр тамыз айында ипотека-

мен үй алғанмын. Құрылыс компаниясы қалай салған? Оны құзыретті басқарма қалай қабылдаған? Жел соғып еді, үйдің шатыры ұшып кетті. Көшеде тізеден келетін су. Мүгедектерге мүлдем жағдай жасалмаған. Не ойын алаңы, не мектеп, балабақша жоқ.

Қала әкімі Ерболат Досаев өз жауабында мердігер компанияны анықтап, жауапқа тартатынын айтты.

Белсенді азаматтар көп

Әуезов ауданына ұқсас, мұнда да көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар мен ерекше жандар қарасы көбірек. Әкім алдына көмек сұрап келгендер жетерлік. Біреуі баспана сұраса, екіншісі жұмыс іздейді, тағы бірі денсаулығына байланысты жәрдем күтеді.

– Менің есімім – Айгүл, 1 топ мүгедегімін, 2 бүйрегім істемейді. 2014 жылдан бері үй кезегінде тұрмын. Жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасымен алайын десем, табысың көп дейді, ипотекаға ақшаң жетпейді, жұмыс істеуің керек дейді. Мына түріммен қалай жұмыс істеймін? Осы мүгедектерді «Бақытты отбасыға» болмаса, басқа бағдарламаға қосуға болмай ма? Содан кейін мүгедектерге арналған таксиді неге алып тастады?

– Жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы бойынша көрейік. Аудан әкімі мен басқарма басшысына тапсырма беремін. Басқа жолын көрмей тұрмын, жұмысыңыз бойынша мен әкімге айтайын, «Бақытты отбасыға» кіргізісін. Мүгедектерге арналған такси бойынша, биыл олардың санын 47-ден 100-ге дейін жеткізу жолдарын қарастырамыз, – деді қала әкімі.

Ең қызығы, ауданда көмек сұраушылар қанша болса, сонша қолұшын беруге дайын азаматтар бар. Біраз адам қала өміріне өз үлестерін қосуға ынталы екені анықталды. Мысалы, желтоқсандық журналист Ерболат Мырзатайұлы жарым-жандарға үй салып бергісі келеді.

– Менің ұсынысым бар. Көпбалалы аналарға, мүгедектерге, жағдайы нашар отбасыларға баспана салып бергім келеді. Инвесторым дайын тұр. 2 миллиард доллар Қазақстанға әкеп тұр, бірақ ол Йеменнің азаматы болғандықтан, шекарадан өте алмай тұр. Виза жағынан көмек беріп, жер бөліп берсеңіз дейміз. Эскиздік жобасын өзі жасайды. Құжаттарын жасауға жол ашып берсеңіз болды. Керек десеңіз, сіздер айтып отырған мүгедектерге арналған таксиді 40 емес, 100-ге жеткізіп береміз.

– Мен де қаржы жағына жақын адаммын ғой. Виза алуға мүмкіндіктеріңіз болмаса, мен мұнда тапсырма беремін, көмек жолын қарастырсын, – деп ұсынысты қабылдады қала әкімі.

Анар Болатова есімді жеке кәсіпкер мектеп салып беруге ұсыныс білдірді.

– Мен жеке кәсіпкермін. Бір өтінішпен келіп тұрмын, кез келген ауданнан 1000 орынды мектеп салғым келеді. Осы себепті, жер жағынан көмек сұрай келдім.

Әкім 1000 орынды мектеп салуға кәсіпкерде 4,5 млрд теңге қаражат дайын болса, жер тауып беруге көмектесетінін айтты.

ТҮЙІН:

Қала әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының мәселелерін 3 сағаттан астам уақыт тыңдады, 100 шақты сұраққа жауап берді. Негізгі сауалдар бойынша, қала резервіне кірмеген коммуналдық қызметтер бірте-бірте осы жылдан бастап кіргізіледі. Жана тұрғын үй аулаларын абаттандыру жұмыстары биыл аяқталуы тиіс. Бірнеше сұрақ бойынша бос жерлер қарастырылатын болады. Әкімдік құзырында емес шешімдер бойынша тиісті органдарға мәлімдеме жасалады, келіссөздер жүргізіледі. Кейбір азаматтар әкімнің жеке қабылдауына кіретін болады.





#РЕФЕРЕНДУМ2022

Қазақстан саясаттанушыларының Х конгресінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин биылғы 5 маусымда өтетін республикалық референдумды қазақстандықтардың басым бөлігі қолдап отырғанын мәлімдеді.

«ХАЛЫҚТЫҢ БИЛІКПЕН ҢНТЫМАҚТАСУЫНЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ»

Халықтың басым бөлігі референдумды қолдап отыр

«Алдағы референдумның ерекшелігі – Президент өз өкілеттіліктерін кеңейтпейтін, керісінше, оның бір бөлігін биліктің басқа институттарына бөліп беретін Конституциялық реформаға бастамашы болып отыр. Сондықтан бұл референдумның өтуіне билік мұрындық болғанына қарамастан, мұны халықтық референдум деп айтуға болады. Бұған телеграмм-арналарда және қоғамның түрлі топтары арасында жүргізілген сауалнамалар дәлел. Бұл – қоғамның жаңаша бірігуінің, сондай-ақ, халықтың билікпен ынтымақтасуының айқын көрінісі», – деді Ерлан ҚАРИН.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОРАЗАЛЫ СӘБДЕН – 75

ӨМІРІ ӨНЕГЕ БОЛДЫ

ҚР Ұлттық Ғылым академиясында академик, профессор Оразалы Сәбденнің 75 жылдық мерейтойына орайластырылған «Жаһандық экономика дәуіріндегі қоғамды гуманизациялау және технологиялық даму» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ



Досбол
АТАЖАН

Жиын қос форматта: онлайн және офлайн болды. Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаев, РҒА Ғылыми кеңесінің төрағасы С.Ю.Глазьев, РҒА академигі Е.А.Наумов, Саймон Кузнец атындағы Халықаралық даму және өзін-өзі ұйымдастыру институтының президенті Д.К.Чистилин, ҚР ҰҒА академигі О.Б.Баймұратов және өзге де белгілі ғалымдар мен қала зиялылары қатысты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың және басқа да лауазымды тұлғалардың құттықтауларын Оразалы Сәбденұлына табыстады. – Құрметті Оразалы Сәбден, сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Өз ісінің білгір маманы, инженерлік лауазымнан басталған еңбек жолыңыз ғылыми-шығармашылық

жұмыстарға ұласты. Бірнеше жылдарды қамтыған үлкен ізденістің нәтижесінде, саяси-іскерлік қабілетіңіздің арқасында биік белестерге қол жеткіздіңіз, – делінген ел Президентінің құттықтауында. Конференция барысында Жаңа Қазақстан және басқару жүйесі, инновациялық экономика және технологиялық даму, аумақтардың теңгерімді дамуы және аймақтардың әлеуметтік саясаты сынды өзекті мәселелер талқыланды.

#КОНСТИТУЦИЯ2022



«ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР»

Конституциялық реформаны қолдау үшін дауыс беру – бұл үлкен жауапкершілік және біз бәріміз осы процеске қатысуға тиіспіз. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Аманат партиясы фракциясының мүшесі Бекқали Торғаев Алатау ауданының жастарымен кездесуде мәлімдеді.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кездесу барысында ол алдағы 5 маусымда өтетін референдум мен еліміздің Ата Заңына енетін түзетулерді түсіндірді. – Бұл жерде сіз адам немесе партия үшін дауыс бермейсіз, өз болашағыңыз үшін Жаңа Қазақстанды құруға дауыс бересіз. Біз барлығымыз референдумға үлкен үміт артамыз. Еліміздің болашағы – жастар, – деді Б.Торғаев.

Мәжілісменнің сөзін қалалық штаб мүшелері Нұрия Ниязова мен Руслан Нұрлыбаев та қолдады. – Қазіргі жастар – бұл креативті идеялары мен болашаққа үлкен жоспары бар, нені қалайтынын білетін жас ұрпақ. Олардың алдағы референдумның маңыздылығын түсінетіндері қуантады. Бұл олардың елдегі қоғамдық-саяси жағдайға деген жауапкершілігін көрсетеді, – деді Аманат партиясы қалалық штабының мүшесі Руслан Нұрлыбаев.

ЖИЫН

«Біз қоғамдық-саяси іс-шаралардың алдыңғы қатарындамыз!». Алматы ауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» мүшелері Аманат партиясынан Парламент Мәжілісінің депутаттары Қанат Нұров және Сырым Адамбаевпен кездесуде мақтанышпен осылай деді.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР БЕЛСЕНДІ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мәжілісмендер аудан зейнеткерлерінің Жолдауға қатысты белсенді азаматтық ұстанымдарына ризашылықтарын білдіре отырып, олардың алдағы референдумнан толық хабардар екеніне ерекше тәнті болды. Орталық қатысушылары облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерін сайлау бөлігіндегі түзетулерді жоғары бағалады. Өйткені, ел халқы Конституцияға түзетулерді мақұлдаған жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін мәслихат депутаттарының келісімімен Мемлекет басшысы қызметке тағайындайды. Бұл ретте дауыс беру үшін кемінде екі кандидатура ұсынылатын болады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көп дауысын жинаған кандидат келісім алған болып есептеледі. Тек осы әкімдерді ғана

Мемлекет басшысы жұмыстан шығара алады. Алматы ауданының зейнеткерлерімен тағы да бірнеше түзетулерді түсіндіріп, талқылаған Мәжіліс депутаттары Қанат Нұров пен Сырым Адамбаев орталық қатысушыларының саяси науқаннан жақсы хабардар екендіктеріне шын көңілмен ризашылықтарын білдірді. Сондай-ақ, олардың өз аулаларында және қалалық іс-шараларда түсіндіру жұмыстарын жүргізуге дайын екендіктерін жеткізді. Бүгінде аталмыш орталыққа шамамен 3500 адам тіркелген. Оған күн сайын екі жүзден астам адам келеді. Орталық қызметі қарт адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Онда қарттарға 20-дан астам түрлі қызметтер көрсетіледі. Осы тұста «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының» жаппай дамуы партияның Алматы қаласы бойынша 2025 жылға дейінгі сайлау-алды бағдарламасына енгенін айта кеткен жөн.



«BALA QORGAU»

Балалар жылы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитеті «Bala Qorgau» интернет-ресурсын іске қосты.

Балалар
жылы
2022QR-КОД ТАҚТАЙШАЛАРЫ
ОРНАТЫЛДЫ

Дәл қазір еліміздегі барлық мектептерде QR-коды және «Bala Qorgau» сайтының <https://bala.gov.kz> мекенжайы жазылған арнайы тақтайшалар орнатылып жатыр. Сонымен, аталмыш QR-кодты сканерлеу арқылы оқушылар «Bala Qorgau» сайтына өтіп, өздерін мазалап жүрген сұрақтарды қоя алады. Бұған қоса, оқушылар мен олардың ата-аналары да жасырын түрде көмек сұрап, білім беру ұйымдарындағы заңсыз әрекеттер туралы хабарлауына болады. Өтініш айтып, арызданған адамдардың аты-жөні анонимді түрде қалатынына кепілдік беріледі.

Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан мен Алматының бірнеше мектебінде QR-тақтайшалар орнатылды. Алдағы уақытта басқа да білім беру ұйымдарында осындай тақтайшалар орнатылатын болады. Министрлік өкілдерінің айтуынша, қазірдің өзінде интернет-ресурсына 100-ден астам өтініш келіп түсіпті. Олардың басым бөлігі балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне қатысты.

Жалпы, «Bala Qorgau» сайты оқушылардың қажетті қолдау мен

көмек сұрап, өздерін қауіпсіз сезінулері үшін жасалған. Шыны керек, әртүрлі жағдайларға тап болған балалар көбінесе өзін қалай ұстап, кімнен көмек сұрау керектігін білмейді. Әсіресе, буллинг фактілерін кімге хабарлау керектігін білмей жатады. Жаңадан ашылып жатқан QR-кодты сканерлеу арқылы оқушылар арнайы орындармен байланыса алады. Осылайша оларға қажетті консультация, психологиялық көмек көрсетіледі. Веб-сайт негізінен оқушыларды толғандыратын өзекті мәселелерді, сондай-ақ балалар құқықтарын бұзу фактілерін тез арада анықтауға көмектеседі. Балалар жылына орайластырып ашылып отырған ресурс, ең алдымен, оқушылардың және олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді.

Сайттан пайдалы ақыл-кеңес, оқушылар мен ата-аналар оқыс жағдайға тап болғанда өзін қалай ұстау керектігі туралы кеңестер таба алады. Сондай-ақ, жаңа достар табуға, жаман ортаға тап болмауға септігі тиеді және т.б. ақпараттар бар. Балалардың сұрақтарды ашық та, жасырын да қоюына болады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Биыл қазақтың рухани көсемі атанған Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр.



Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №139 мектеп-гимназияда «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы және ұлттық білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Алдымен қонақтар мектептегі Ахмет Байтұрсынұлы мұражайын тамашалап, жәдігерлермен танысты. Алғашқы сөз кезегін алған мектеп басшысы Ерік Қуатбеков Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолына, еңбектеріне шолу жасай келе, ардақты арыстың атын иеленіп отырған білім мекемесінің жетістіктерімен таныстырды. Конференцияны мектеп ұстаздары Тәңірберген Садакпаев пен Тамаша Рахымжанова Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен бірлесіп ұйымдастырды. Аталмыш конференцияға ахметтанушы ғалымдар, Түркия, Әзербайжан, Қырғыз мемлекеттерінен ғалымдар қатысты. Конференция барысында Қырғыз Білім академиясынан педагогика ғылымының кандидаты, аға ғылыми қызметкер Шолпан Колумбаева заманауи білім берудегі Байтұрсынұлының идеялары мен

көзқарасы туралы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры Гүлмира Саудабаева Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегі туралы, Ерден Қажыбек А.Байтұрсынұлының әліпбиі туралы, түркі тілдерінің дамуы туралы кеңінен ой қозғады. А.Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцентінің м.а., ф.ғ.к. Райхан Сахыбекқызы Ұлт ұстазының ұстанымы туралы ой қозғап, оқушыларды Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйіне шақырды. Сонымен қатар, Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры – Бижомарт Қапалбек, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Орынай

Сағынғалиқызы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектептен арнайы келген Жазира Жүнісова, Перизат Думанқызы өз ойларынмен бөлісті. Конференция соңында мектеп-гимназия директоры Ерік Нұрғұмарұлы барлық қатысушыларға арнайы сертификат табыстады.

«Әлемдегі терең сыр ғылыммен ғана ашылмақ» дегендей, жастардың Ахмет Байтұрсынұлының мұрасына деген сүйіспеншіліктерін оятып, бағыт-бағдар беретін осындай танымдық конференциялар жалғасын тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

МӘДЕНИ МҰРА



ҚАЗАҚСТАН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

ҰОК хабарлауынша, Лозаннада Бейжің олимпиадасының ашылу салтанатында Қазақстан құрамасының Ту ұстаушылары Абзал Әжіғалиев пен Екатерина Айдованың киген формаларын Олимпиада мұражайына ресми табыстау рәсімі өтті.

Экспонаттарды «Халықаралық Олимпиада комитетінің мәдени мұрасы» жинағына тапсыру туралы ХОК президенті Томас Бах қол қойған тиісті сертификат Қазақстан ҰОК-не табысталды. Бейжіңде өткен Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында қазақстандық шеберлердің туындысы көптің назарына бөленіп, үздіктердің бірі деп танылды. Қазақстанның Туын ұстап шыққан шорт-трекші Абзал Әжіғалиев пен конькиші Екатерина Айдованың киімі халықаралық олимпиада қауымдастығын қатты таңқалдырды.

Көптеген әлемдік БАҚ қазақстандық дизайнерлер жасаған образға тәнті болды. Британдық беделді The Guardian газеті Ойындардың ашылу салтанатынан кейін: «Қазақстан костюмдер байқауында жеңіске жетті», – деп жазды. Америкалық The Insider басшылығы «Екатерина Айдова классикалық алтын әшекейлермен безендірілген киімімен таңқалдырды» деп мойындады. Сонымен қатар, азиялық БАҚ, соның ішінде Жапонияның жетекші ұлттық газеті «Уомиури» де баса назар аударып, «Токиодағы Олимпиададан кейін қазақстандық Ту ұстаушылардың әдемі киімдері Бейжіңде ең көп талқыланған тақырыпқа айналды» деп атап өтті.

Қазақтың хас батыры образында шыққан

Абзал Әжіғалиев пен Екатерина Айдованың көйлегінде бейнеленген сақ патшайымы Томирис бейнесіне жоғары баға берілгенін растай отырып, Олимпиада мұражайы костюмді «Халықаралық Олимпиада комитетінің мәдени мұрасы» топтамасына енгізуді және оны табыстау барысында салтанатты рәсім ұйымдастыруды ұсынды. Коллекцияда спортшылардың ең жақсы жабдықтары бар, ол – Олимпиада ойындарының тарихын және олардың елдер тарихы мен мәдениетімен тығыз байланысын айқын көрсетеді. Экспонаттардың көпшілігін спортшылар Олимпиада кезінде немесе Олимпиададан кейін сыйға тартқан. Осы сәттен бастап Қазақстанның Ту ұстаушыларының киімдері ұйымның штаб-пәтері орналасқан швейцариялық Лозаннадағы ХОК бас мұражайы – әлемдік олимпиадалық қозғалыстың «қазына қорларына» келушілердің назарына ұсынылатын болады. Мұражай жұмысын 1915 жылы бастаған. Қазір мұражайда ойын тарихының мыңдаған құнды экспонаттары сақталған. Жыл сайын оларды көруге әлемнің түкпір-түкпірінен 500 мыңнан астам адам келеді. ХОК Мәдени мұра департаменті Олимпиада ойындарының тарихы мен дәстүрін сақтай отырып, бүкіл әлемнің спортшыларын біріктіреді.

БОКС

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЕРЛЕДІ

Алуа Балқыбекова әйелдер арасында боксмен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.



Күмісті еншіледік

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегіне, 48 келіде шаршы алаңға шыққан ол әлем біріншілігінің финалында түркиялық Айсе Чигирьға жол берді. Төрешілер шешімімен екеуара кездесу Алуаның қарсыласының еншісіне шешілді.

Осылайша Қазақстан әйелдер құрамасы әлем чемпионатын 1 күміс және 4 қола жүлдемен аяқтады. Атап айтқанда, қола жүлдені Жайна Шекербекова (52 кг), Дина Жоламан (54 кг), Карина Ибрагимова (57 кг) және Валентина Хальзова (70 кг) жеңіп алған болатын.

ТАЭКВОНДО

3 алтын, 2 қола!

Францияның Нормандия қаласында 2004–2006 жылдары туған оқушылар арасында Гимназида жарысы өтіп жатыр. Бұл бәсекеде қазақстандық таэквондо шеберлері 3 алтын және 2 қола медаль жеңіп алды.



Ұлдар арасында 48 келіде сынға түскен Акрамат Долгиев қарсылас шақ келтірмей, топ жарса, қыздар арасында 49 келідегі Рита Бакишева мен 55 келідегі Азиза Қараджанова алтыннан алқа тақты. Айта кетерлігі, бұл сынға Қараджанова ұлттық құраманың бас бапкері Батырбек

Есдәулетовтің қарамағында дайындалды. Ал 44 келіде Наргиз Мейрамбек пен 73 келідегі Бекарыс Бекенов оқушылар сынында қола жүлдеге қол жеткізді. Осылайша ұлттық құрамамыз жалпыкомандалық есепте бес жүлдемен көш бастады.

Айта кетейік, биылғы Гимназидаға әлемнің 64 елінен 3600 спортшы қатысып жатыр. Олар спорттың 17 түрінен және паралимпиадалық үш сынан жүлдеге таласады. Қазақстан оқушылар арасындағы спорт аламына бірінші рет қатысып жатыр. Елімізден Францияға 17 спорт түрінен 234 оқушы аттанған. Жарыс 22 мамырда аяқталады.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БРИФИНГ

Маусымдық аурулардан сақтаныңыз!

Алматылықтарға жіті ішек ауруларының алдын алу туралы айтылды



Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде ішек инфекцияларының белгілері мен алдын алу шаралары туралы И.С.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының емдеу жұмысы жөніндегі бас дәрігерінің орынбасары, инфекционист-дәрігер

Тамара Утаганова, С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ жұқпалы және тропикалық аурулар кафедрасының профессоры, жоғары санатты жұқпалы аурулар дәрігері, И.С.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының консультанты Сәуле Садықова айтып берді.

Тамара Утаганованың айтуынша, жіті ішек инфекциясы (ЖИИ) – бұл микроорганизмдер (бактериялар мен вирустар) тудыратын жұқпалы аурулар тобы, ас қорыту бұзылыстарымен, дегидратация белгілерімен және жалпы интоксикациямен көрінеді.

«Инфекция қоздырғышы ағзаға енген сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейін 6 сағаттан 7 күнге дейін созылады. Иштің ауырсынуы, жүрек айну, құсу күніне 3 рет немесе одан да көп, дене температурасы 37°-38° С дейін көтеріледі, диарея пайда болады (кейде күніне 10-15 рет), аурудың ауыр жағдайында – жас балалар үшін ең қауіпті ауыр интоксикация және сусыздану», – деп атап өтті И.С.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Спикерлер жіті ішек инфекцияларының алдын алу шараларына тоқталды. Дәрігерлер, біріншіден, қолды сабынмен және сумен уақытылы және мұқият жууды ұсынады (тамақ дайындамас бұрын, тамақ ішер алдында, дәретханадан кейін, көшеден келгеннен кейін). Екіншіден, көкөністерді, жемістерді, жидектерді қолданар алдында ағынды сумен жақсылап жуу керек, ал кішкентай балалар үшін қайнаған сумен шаю керек. Сондай-ақ, сапасы күмәнді, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімдерді сатып алмаған жөн.

Күнделікті өмірде шикі және дайын тағамдарды кесу үшін бөлек тақталар мен пышақтарды пайдалану міндетті болып табылады. Шикі және жеуге дайын тағамды тоңазытқышта бөлек және жеке қаптамада сақтаңыз, өйткені дұрыс дайындалған тағам шикі тағаммен байланысқанда ластануы мүмкін. Сатып алғаннан кейін жұмыртқаны мұқият жуып, тоңазытқышта сақтау керек.

«Егер сіздің отбасыңызда біреу ішек инфекциясымен ауырып, үйде болса, оны басқа отбасы мүшелерінен оқшаулауға тырысыңыз. Оны бөлек ыдыс-аяқпен, төсенішпен, сүлгілермен қамтамасыз етіңіз, науқас адамға күтім жасағанда жеке қорғаныс құралдарын (қолғап, маска) қолданыңыз. Үйде дезинфекциялық құралдарды қолдану арқылы жалпы тазалау жұмыстарын жүргізіп, содан кейін науқас сауығып кеткенше күнделікті ылғалды тазалауды, үй-жайды желдетуді қамтамасыз етіңіз», – деді Сәуле Садықова.

Дәрігерлер, әрбір науқас адам өзінің айналасындағыларға қауіп төндіретінін ұмытпауы керектігін, сондықтан ішек ауруларының алғашқы белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеуге болмайтынын, денсаулық сақтау ұйымының медициналық көмегіне жүгінуі керек екенін ерекше атап өтті.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 20 МАМЫРДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 1 127 529
II компонент: 1 002 274

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 842 435 II компонент: 788 370	I компонент: 39 204 II компонент: 34 945	I компонент: 139 561 II компонент: 127 670

«Жаңа Алатау» қоғамдық қоры 2022 жылдың қаңтарындағы тәртіпсіздіктерден зардап шеккен Алматыдағы шағын және орта бизнес субъектілеріне мүлктік шығынды өтеу бойынша жұмыстар жүргізді. 635 субъектіге жалпы сомасы 1 297 901 088 теңге төлем жасалды. Меценаттар мен демеушілерге: «Халық» қайырымдылық қорына, Михаил Нугзарович Ломтадзе, Вячеслав Константинович Кимге, «Күшіміз бірлікте» қоғамдық бірлестігіне, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-не және т.б. көмек көрсеткен адамдарға алғысымызды білдіреміз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы кәсіпкерлерінің назарына!

Құжаттарды қабылдау: «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ;

Пошталық мекенжайы: 050040

Электрондық пошта мекенжайы: info@almaty.upp.kz, mb_otdel@mail.ru;

Толық ақпаратты: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303, 3-қабат, 302-қаб. немесе 390-20-99; 390-21-09 байланыс телефондары арқылы білуге болады.

Нысанасы: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 20-бабына және 79-4-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылдың 28 қазандағы №773 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021 жылдың 11 қарашадағы №795 дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізуге арналған өтініштерді «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ қабылдайды.

Өтінім берілетін жер: «Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» КММ.

Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2022 ж. 1 маусымнан бастап 2022 ж. 15 маусым аралығында.

Өтінімдерді берудің басталу күні: 2022 ж. 1 маусым.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні: 2022 ж. 15 маусым.



Бас директор –
Төлеміс КҰЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyagparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРҰ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясының бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



**Балалар
жылы
2022**

Өнер апталығы



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Балалар жылына орай М.Дулатұлы атындағы №136 мектеп-гимназиясында «Өнер апталығы» өтіп, талай таланттардың есімі белгілі болды. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, талай бұлақтың көзі ашылып, арналарға тоғысты. Апталықты ұйымдастырушылар оқушылардың бойындағы сәулені танып, оның жарқ етіп жануына қолдау білдірді.



Осынау апталықта ерекше көзге түскен таланттардың бірі, балғын бояу иесі – Сәбира Қолдасова. Оның қолынан шыққан туындылар көрермендерге кәсіби шебердің кесек дүниелеріндей әсер қалдырды. Әсіресе, сыныптастары ерекше риза. Сәбираны Айша Ғалымбаеваға текке ұқсатпаған екен. Қылқалам иесінің биік талғамы, бояу түрімен тақырыпты үндестіре қолдануы оның аса тәжірибелі екенін аңғартады. Осы орайда талантты жасты өнерге баулып жүрген ұстазы, «Білім беру саласының үздігі» Рысқұл Ағыбаева шәкіртінің бойында өнер адамына ғана тән өзгешеліктердің барын айтып, келешекте көп үміт күтетінін жеткізді. Шынында, жас таланттың қолынан шыққан туындылар мектепте өтіп жатқан көрменің қақ төрінен орын алып, көпшіліктің қызығушылығын тудырып отыр.

– Сурет салу адамның жан-дүниесі арқылы пайда болып, қасиеттер арқылы қалыптасатын өнер. Сезімтал Сәбира қашан да айналасындағы тіршілікті сурет тілімен «сөйлеткісі» келіп тұрады, – дейді Рысқұл Ағыбаева.

ЕРКІН ОЙ

Адамның көңілі өте нәзік. Ол – ер, әйел жынысына бөлінбейді. Баршамыз сезімнің жетегіндеміз. Бұл – ақиқат!



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Өмір сынақ үшін берілген деседі. Бұған келісеміз. Қарап тұрсаңыз, адам баласының мойнынан қыл арқан түспейтін сияқты. Қай жерді бассаңыз да, қауіп жоқ емес. Көшеде абайлап жүрмесеңіз, көлікке кедергі боласыз. Жұмыстың жайы айтпаса да түсінікті. Ал тірлік тұнып тұрған бәсекелестіктен тұрады. Сондықтан өлшеулі ғұмырда жан қалауымен ғұмыр кешкен дұрыс-ақ. Бірақ шектен шықпаған жөн.

Шіркін-ай!

Жазушы Ғабиден Мұстафин «Күн жылытпайтын суық көңілді, сөз ғана жылыта алады» депті. Ғажап сөз. Әй, десе де, көбіміз осындай сөздің қадіріне жетпей жүрміз-ау.

Қазір көбіміз арманшыл болып алдық. Анаған да, мынаған да елеңдеп отырамыз. Анау да болғымыз келеді, мынау да болғымыз келеді. Шындығында, адам болуға құштарлық аз. Бәлкім, заман бәрімізді дүниенің соңына бұрып жіберді ме екен? Кім білсін?! Айналаңа қарасаң, сынаушы, мінеуші көп. Оған жауап қатсаң, бәлеге қалдың. Дегенмен, қашанғы шыдауға болады. Оның да жауабы бұлыңғыр. Сол сынап тұрғандар өздерін жасытып тұрғанын білер ме екен. Әй, қайдам? Атақты адамдардың артынан сын көп айтылады. Олар қайтіп шыдайды? Соған таңданамын. Демек, сын айтылса, сіз биікке жетіп қалдыңыз деген сөз ғой!

Көкірегіміздегі гүл үп еткенге тербеліп тұрады. Көңілдің жадырауы да, сөнуі де бір ауыз сөзге байланысты. Осыны ұмытпайық. Жас жалынның отын сөндірмейік. Қайта қолдап, қуаттап жүрейік. Болашақта одан мықты азамат шықса, таңданғанның көкесі сонда болар.

ЖАНСӘУЛЕ



Шыдаңыз!

Ғұлама Құтып «Шатысқан істің шешімі – шыдам» депті. Мүмкін солай шығар. Мұқағали ақын:

Шыда, шыда,
Шыдай тұс, шыда тағы,
Шыдамдыны мына өмір ұнатады, – дейді.

Шіркін-ай! Ақындар көңілдің қылын шертіп жеткізеді ғой. Бірақ әрдайым шыдай бере алмайсыз. Кейде сындырып жібере жаздайды. Майысқан шыбықтай қайта қалпына келесіз. Жан-жақтан жеп жатқанда, қасқайып тұрмастай, енді тұрмастай етеді. Үндемесең, мойнына мінеді. Ал солай етсе, түсуі қиын. Сол себепті, кісіге зиянымызды тигізбейік. Қайта қолдайық. Бәріміз де ет пен сүйектен жаралдық қой.

P.S. Өмір – Гималай. Жігерлі – шыңға шығады. Әлсіз – құлайды. Үшінші нұсқа жоқ. Өзіңіздің арман-мұратыңызға жетіңіз. Ең бастысы – аялдамаңыз. Бәрі алда!

ЖЕР-ЖАҒАН

«Мінсіз ана»

Мысырлық Сиса Абу Даух 43 жыл өзінің әйел екенін жасырып, жұртқа ер адам кейпінде көрініп келген. Оған не себеп болды екен? Айтайық.



Күйеуінен жүкті кезінде жесір қалады. Қызы өмірге келгенде бірнеше ай табыссыз қалып, тұрмыстың ауыртпалығын тарта бастайды. Оған тұрмысқа шығуға ұсыныс жасағандар болғанмен, 22 жастағы келіншек отбасын құрғысы келмеген. Нәсіқұмар ерлердің қолжаулығы болудан да қашқан, әрі баласын ешкімге жәуапкершісі келмеген көрінеді.

Мысырда әйел затын жұмысқа араластырмайды. Сондықтан ол жұмысқа тұрып, отбасын бағу үшін әйел екенін жасыруға мәжбүр болған. Ол 40 жылдан астам уақыт «джильбаб» (кеңқолтық, етегі жер сызған ұзын ерлер киімі) және еркектің кара туфлин киіп келген. Әйел ерлермен қатар жүріп кірпіш құйған, цемент толы қап арқалаған. Ақша болсын деп көшеде аяккіім де тазалаған. Қызы Худуды ұзатады. Жиендері өмірге келеді. Бірақ күйеу баласының денсаулығы жұмысқа жарамай, әйел бір үйлі жанды тағы өзі асырауға шығады.

Оның әйел екені білініп қалған соң, тұрған жерінен қоныс аударады. Қазір 64 жаста. Бұрынғыдай кірпіш, цемент тасып жүрмесе де, аяккіім тазалайтын кәсібін тастамаған. Әлі де отбасын асыраушысы бір өзі болып тұрған көрінеді.

Биыл Мысыр билігі оған «Мінсіз ана» сыйлығын табыстапты.

Жанкешті әке

Қытайда осыдан 24 жыл бұрын біреулер ұрлап кеткен ұлын тапқан әкенің қуанышын да шек жоқ.



Го Гонтан есімді еркек өзінің үйінің алдында жоғалып кеткен екі жасар ұлын сол күні-ақ полициямен бірге іздеуге шығып, ол табылғанша, 24 жыл бойы бүкіл Қытайды мотоциклмен 500 мың шақырымнан астам жол жүріп шарлап шыққан. 10 мотоциклі сыңған, соған қарамай тағы жаңасын сатып алып, көлігіне ұлының суреті салынған транспарант іліп қойып, іздеуін тоқтатпаған.

Ол осы жылдар ішінде талай қиындықты бастан өткерген: оны тонап, ұрып-соғып кеткендер де, аш қалған күндері де болған. Көрінген жерге түнеп жүрген. Балам үшін жан пида деп, барлық жиған-тергенін жұмсап, дымсыз қалған. Бірақ үмітін үзбеген. Го Гонтан осындай жанкештілікпен өз баласын іздей жүріп, ұрланып, із-түзсіз кеткен басқа 100-ге жуық баланың табылуына сеп болған.

Сөйтсе, ұлы көрші провинцияда өмір сүріп жатыпты. Бүгінде ержеткен. Оны адам саудасымен айналысатындар біреулерге асырап алу үшін сатып жіберген екен. Есік алдында жалғыз ойнап отырған балақайды көрген күдікті ерлі-зайыпты балдырғанды алдап апарып автобуска кіргізген, содан көрген-білген адам болмаған. 24 жылдан кейін табылған баланы ДНК арқылы анықтаған. Ал оны сатып жіберген екеу қамауға алынған.

Әке мен баланың бір-біріне құшағын ала жүгірген, оларға қосылып елдің ағыл-тегіл жылап тұрған сәтін әлеуметтік желіден көруге болады.

Адал жар



22 жыл бойы төсекке таңылған жарын күтіп-баптаумен келе жатқан Лелани есімді әйелдің ұстанымы: «Атты өткелге келгенде ауыстырмайды».



Лелани мен Майкл мектеп жасынан көңіл жарастырып болатын. Енді бас құрамыз деп жүргенде жігітке ауыр диагноз қойылады. Жігітінің «Маған қарайлама, басыңды босатамын, өз өміріңді сүргін, бақыт тілеймін» деген сөзін тыңдамай, оны тастап кетпей, міне, 22 жылдан бері бірге өмір сүріп келеді.

Майклдың дерті аяқтарының шалынысы беруінен басталған. Одан бір көзі көрмей қалған. Оған «рассеянный склероз» деген диагноз қойылады. Бұл ақыр соңында мүгедектікке әкелетін аутоиммунды дерт екен. Алғашқы кезде таяққа сүйеніп жүрген күйеуі енді қоларбаға таңылады. Ал қазір төсектен мүлдем тұрмайды.

Дәрігерлер Леланиге бала көтеру қауіпті екенін айтты. Бірақ тыңдаған жоқ. Тыңдамағаны үшін қуанады да. Себебі, қазір екеуінің үш перзенті бар. Бақытты отбасы. Балалары да бүгінде аяқтанып, анасына қамқор болып, әкенің күтіміне олар да қолғабыс етіп жүр.

Дайындаған Нұржамал ӘЛІШЕВА.